

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№46
(916)

Бейсенбі, 19 қараша 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

ЕЛ ТАРИХЫ ҮШІН ЕЛЕУЛІ КҮН



Қазақстан халқы 1 желтоқсан күні еліміз үшін елеулі оқиға - Тұңғыш Президент күнін атап өтеді. Тәуелсіз Қазақстанның іргетасын қалап, шекарасын шегелеп, болашаққа бағыт-бағдар берген Тұңғыш Президенттің халық алдындағы еңбегі ұшан-теңіз.

1991 жылғы 1 желтоқсанда, алғаш рет жалпыхалықтық сайлау өтіп, егемен Қазақстанның негізін салушы - Н.Ә. Назарбаев тұңғыш рет Президент болып сайланды. Сайлауға қатысқандардың 98,78%-ы жақтап дауыс берді. Бұл жаңа мемлекет қалыптасуының өтпелі кезеңінде сенімді басшыға өз тағдырын тапсырған Қазақстан халқының жауапты таңдауы еді. Шын мәнінде, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салықалы саясатының арқасында тәуелсіз Қазақ елі қалыптасып, тарихымыз түгелделіп, тіліміз, дініміз және діліміз қайта оралып, мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданды.

Содан берігі 24 жылда елдің іргесі сәгілген жоқ. Ұлтаралық таулыққа селкеу түспеді. Яғни Конституциялық заңның дер кезінде қабылдануы Қытай, Ресей, Қырғызстан, Түрікменстан және Өзбекстанмен шекараны реттеуге ықпал етті. Заң Еуразиялық кеңістікте тұрақтылық пен серіктестік, сенім саясаты негіздерін қалыптастырды. Шындығы сол «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңды қабылдау жаңа тәуелсіз мемлекетіміздің шынайы егемендігінің бастауы болды. Тыңнан түрен салған Қазақстан халқы, оның Көшбасшысы тәуелсіз мемлекеттің басым бағыттарын нығайтты. Ең алдымен шынайы егемендікті жария етіп, сыртқы әлемге танылуға қол жеткізілді.

1 желтоқсан мен үшін қандай күн?



2012 жылдан бастап бұл күн мен үшін ерекше мақтан тұтатын күннің бірі. Отбасым да бұл күнді еліміздің мерекесі деп біледі. Себебі: 1-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күні. Біздің елімізді Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен тәуелсіздік алғалы көптеген ел таныды. Отанымыз өркендеп, дамыды. Баскеге қабілетті 50 елдің қатарынан көрініп, алдағы уақытта 30 елдің қатарында болу мақсат етілді. Осындай Ұлт көшбасшысы бар елде өмір сүріп жатқанымыз үшін өте қуаныштымын. Балаларымның болашағы нұрлы боларына сенімдімін.

Жанар БАЙМҰҚАНОВА,
Саумалкөл қазақ ОМ-і директорының оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

1 желтоқсан Тұңғыш Президент күні. Бұл мереке барлық қазақстандықтар үшін аса маңызды мереке. Себебі Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев біз үшін қаһарман, батыл адам. Нұрсұлтан атамыз барлық Қазақстан мемлекеті үшін көп еңбек сіңіруде. Отанымызды көркейтуге, жаңдандыруға көп үлес қосып келе жатыр. Бұл күн мен үшін де маңызды, қуанышты күн. Мен де Президентімізді көзбе-көз құттықтағым келеді.

Назерке КӨЗТАЙ,
Саумалкөл қазақ ОМ-нің 7 сынып оқушысы.



Желтоқсан айының бірінші күні мен үшін - Тұңғыш Президент күні. Бұл күні Қазақстан халқы Тұңғыш Президент күнін атап өтеді. Біздің президентіміз өте жақсы адам. Ол өзінің жасына қарай өлі де өз елінің, халқының қамын ойлап жүр. Мен өз Отанымды, жерімді, елімді сүйемін. Өскенде мен де Отанымның көркеюіне өз үлесімді қосамын. 1 желтоқсаннан қыстың алғашқы айы басталады. 1 желтоқсан менің отбасым үшін керемет күн. Менің арманым - Президент атамыздың атындағы мектепте оқып, елімнің үмітін ақтау.

Меруерт ТҰРСЫН,
Саумалкөл қазақ ОМ-нің 5 сынып оқушысы.

Бірінші желтоқсан - Тұңғыш Президент күні болып аталып өтіледі. Біз, төртінші сынып оқушылары, осы күнді қарсы алуға үлкен дайындық үстіндеміз. Біз, Қазақстанның болашағы, қазіргі мектеп оқушылары Елбасы Нұрсұлтан атамыз осы құрметке лайық деп айта аламыз, себебі атамыз балаларға да үлкен көңіл бөлуде. Біздің облысымызда Тұңғыш Президент күніне қарсы Назарбаев зияткерлік мектебі ашылды. Қай оқушы осы мектепте оқуды армандамайды десеңізші! Бұл мектептің оқушысы атану - біздің де арманымыз. Президентіміз бізге: «Еліңнің патриоты бол!» дейді. Біз елімізді Нұрсұлтан атамыздай сүйеміз, еліміздің патриоты боламыз, еліміздің өркендеуіне, гүлденуіне өз үлесімізді қосамыз. Біз елімізді Нұрсұлтан атамыздай Президенттің басқарғанына қуанамыз, біз Президентпен бірге бақыттымыз.

Рахат ТӨЛЕТАЙ,
Саумалкөл қазақ ОМ-нің 4 «Б» сынып оқушысы.



Жағымды жаңалық

ПОЛИЦЕЙЛЕР ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Өткен аптада, 13 қараша күні облыс орталығы Петропавл қаласында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орайластырылған облыстық құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арасында самбо күресінен сайыс болып өтті.

Аталмыш спорттық додада Петропавл қаласы мен облыстың барлық аудандарының құқық қорғау органдарының қызметкерлері «Динамо» спорт кешенінде күш сынасты. Осы жарысқа біздің ауданның полицейлері де қатысып, жалпыкомандалық есепте жүлделі ІІІ орынды иеленді.

Жекелей белдесулерде 90 кг. салмақ дәрежесінде жерлесіміз, полиция сержанты Сәбит Әбілқайыров үшінші орынды қанжығасына байласа, 100 келі салмақта полиция майоры Шоқан Асқаров жүлделі ІІ орынды еншіледі, ал 82 кг. салмақта полиция аға лейтенанты Аян Кәрімов қарсыластарынан басым



түсіп, жүлделі І орынға қол жеткізді. Сонымен қатар Аян аталмыш турнирде самбо күресінің «Ең үздік техника» номинациясын да жеңіп алды. Барлық жеңімпаздар арнайы диплом-

дармен және ауданның ішкі істер бөлімі жүлделі үшінші орын иеленгені үшін грамотамен, кубокпен марапатталды.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретті түсірген автор.

Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне орай

ЖЕР ТАЗА БОЛУЫ ҮШІН

Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күні қарсаңында Петропавл қаласында өткен салтанатты жиында Дулат Құсайынов басшылық ететін «Республикалық фитосанитарлық сараптама мен болжау әдістемелік орталығы» ММ Айыртау аудандық филиалының ұжымы СҚО аудандық филиалдары арасынан 3 орынмен марапатталды. Осы мекеменің герболог маманы Әлібек Сәкеновке «Республикалық фитосанитарлық сараптама мен болжау әдістемелік орталығы» ММ директоры Ержан Айнабековтің құрмет грамотасы табыс етілді.

Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі оңай емес, бірақ барлық уақытта ерекше құрметке лайықты. Бұл салада Жер-Ана өзіне адал жандарға қашанда қайырымды.

Ауыл шаруашылығы тұтастай көптеген салаларды қамтиды: дәнді дақылдар егіп, оны орау, құс шаруашылығын өркендету, ірі және шағын мал шаруашылығы, түрлі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру.

2006 жылы ауданымызда «Республикалық фитосанитарлық сараптама мен болжау әдістемелік

орталығы» ММ құрылды. Ұйымның штатында 6 адам жұмыс жасайды. Филиал құрамында агроном-энтмолог Любовь Колесник, фитопатолог Кенжебек Сәтiev, герболог Әлібек Сәкенов, лаборант Бибігүл Шалахаевалар қызмет атқарады.

«Республикалық фитосанитарлық сараптама мен болжау әдістемелік орталығы» ММ Айыртау аудандық филиалының гербологы Әлібек Сәкеновтің еңбегі жоғары бағаланғандығы көңілге қуаныш ұялатады. 2007 жылы А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетін тәмамдағаннан кейін, осы мекемеге қызметке орналасады. Жастығына қарамастан, өзінің 8 жылдық еңбек жолында бірнеше рет құрмет грамоталарымен марапатталған. Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күні қарсаңында алған аталмыш марапаты жас маманның қызметіне қойылған үздік баға және алдағы еңбек жолындағы айрықша бағдар болмақ.

Айыртау филиалының ұжымын өтесі мерекелерімен құттықтай отырып, Айыртау жерінің игілігі жолында жаңа табыстар тілейміз.

Өз хабарымыз.

Акция

ӨСКЕРДЕ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Қарашаның 12 күні Айыртау ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде ашық есік күніне арналған дөңгелек үстел болып өтті.

Отырысты Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, майор Нұрлан Әубәкіров ашты.

2015 жылдың 2 қарашасынан бастап әскери прокуратураның Петропавлдағы горнизонында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет Агеттінің және Солтүстік Қазақстан облысы бойынша жемқорлыққа қарсы іс-әрекет Департаментінің қатысуымен «Әскерде жемқорлыққа жол жоқ!» атты акция бастау алған болатын.

Акцияға Қазақстан Республикасының Ұлттық Гвардия Әскери институты, Солтүстік Қазақстан облысының Қорғаныс істері жөніндегі Департаменті қатысты. Сондай-ақ, акция аясында Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде Ашық есік күні өткізілді.

«Аталмыш іс-шараның мақсаты – азаматтарды толғандырған сұрақтарына жауап беріп, әскери есептегі мәселелері бойынша олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіріп, әскери қызметке келуге үндеу тастау болды.

Қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің есігі ауданымыздың кез келген азаматы үшін ашық. Мұнда түрлі мәселелер қарастырылады: әскерге шақырылушылармен, әскери міндеттілермен, түрлі жеңілдік санаттары бойынша тұрғындармен жұмыс жасау, бұл жағдайда біз жарнамалықты, ашықтықты, шынайылықты, уақтылықты қатаң тәртіпте ұстауға тырысамыз. Қызметтік міндеттемелерді орындау кезінде Қазақстан Республикасының Заңдарын, нормативтік-құқықтық актілерді қатаң түрде басшылыққа ала отырып, қызметімізді жүргіземіз. Әскери басқарманың жергілікті органдарында жемқорлық құқық бұзушылық әрекеттерге жол берілмеуі мақсатында осындай акциялар ұйымдастырылады», – дейді Нұрлан Әлібекұлы өз сөзінде.

Шараға «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық



филиалы төрағасының бірінші орынбасары Болат Ахметжанов, Володар ауылдық округі әкімі аппаратының өкілі А.М. Ерсайынов, Айыртау ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің жеке құрамы қатысты.

Сондай-ақ, өздерін толғандырған мәселелері мен сұрақтарын ортаға салып, тұщымды жауап алу мақсатында әр түрлі жастағы ауданымыздың азаматтары да қатысты. Негізінен сұрақтардың дені келісім-шарт есебіндегі әскери қызметке, әскери міндетті жастан өткеннен кейін қандай жағдайда әскери билет алуға болатындығы жайлы, жоғалған әскери билетті қайта қалпына келтіру үшін қандай құжаттар өткізу керектігі жайында болды. Әскери борышын өтеуге толық жарамды бола тұра, жемқорлық құқықбұзушылық әрекеттерге және қылмыстық әрекеттерге жол бергені үшін әскер сапында тұрудың да мүмкіндігі жоқ екендігі баяндалды.

Өз кезегінде сөз алған Болат Қадырұлы жастарға, әсіресе ер-азаматтарға адамгершілік-құқықтық нормаларын сақтай отырып, дені сау, шыныққан, жігерлі азамат болып, ешқандай жемқорлыққа бармай-ақ кез келген белесті бағындыруға болатындығын әңгімеледі.

Ашық есік күнін қорытындылай келе, Нұрлан Әлібекұлы азаматтарға аталмыш әскери міндеттемелерге қатысты қандай да бір сұрақтар туындай қалған жағдайда Қорғаныс істері бөліміне, басқармасына хабарласып, лауазымды тұлғадан өзіне қажетті барлық жауапты ала алатындығын тағы бір мәрте еске салып өтті.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.
Суретті түсірген Елена НЕДОРОСТКОВА.

Спорт

«Мен – чемпионмын» - спорт пен достықтың жолы

Міне, күзгі демалыс күндері де келіп жетті. Оқушыларды қуантқан күздің жақсы ауа райы ғана емес, қызықты спорттық іс шаралар, топтық саяхаттар, волейбол, мини футбол жарыстары болды. Ең есте қаларлығы – біздің мектептегі аймақтық жасөспірімдер арасындағы «Мен – чемпионмын – 2016» атты спорттық ойындарының өткізілгендігі.

Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын арттыру мақсатында Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ерік Сұлтановтың бастамасымен спорттық ойындар ұйымдастырылып келеді, бұл ойындарға облыстың барлық мектеп оқушыларын тарту көзделіп отыр. Жобаның негізгі мақсаты республика деңгейінде жасөспірімдер денсаулығын дамытуға себеп болу және жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау.

9 қарашада мектебімізде оқушылардың ептілік, икемділік шеберліктерін байқауда аймақтық спорттық сайыс ұйымдастырылып, оған Константиновка, Ақан, Новосветловка, Гусаковка орта мектептерінен 4 команда қатысып, шапшаң қимылды спорттық ойын түрлерінің 13 түрінен сынға түсті.

Бұл күні ойыншыларға икемділік, шапшаңдылық, мергендік, ептілік, күштілік ауадай қажет болды.

Жарыс өте тартымды, белсенді өтті. Әр командаға жанкүйерлер қызу қолдау білдіріп, алақандарын аямады. Сайыскерлерге дем беріп, демеп отырды.

Ал сайыс барысында 3 сыныптың «Ғажайып» би тобы акробатикалық би этюдін қойып, сайыскерлерге үзіліс берсе, осы үзілісте қазылар алқасына сайыстың қорытындысын жасауға мүмкіндік туғызды. Қазылардың шешімі бойынша екі 3 орынды Новосветловка орта мектебінің «Орлы» командасы мен Ақан орта мектебінің «Улыба» командалары еншілессе, 2 орынды Константиновка орта мектебінің «Прометей» командасы жеңіп алды. Ал Гусаковка орта мектебінің «Қарақшы» командасы жеңімпаз



деп танылып, спорттық ойындардан аудандық бәсекеде аймақ намысын аталмыш команда қорғайтын болады.

«Гусаковка» ЖШС ұйымының атынан ойыншыларға тегін мерекелік дастархан жайылды. Мектеп өміріндегі әр түрлі іс-шараларда көмек көрсетіп, қолдап жүргені үшін мектеп ұстаздары мен ата-аналар, оқушылар атынан «Гусаковка» ЖШС-нің директоры Сердалин Навои Мақатайұлына алғыс білдіреміз.

«Мен – чемпионмын» жобасы өсіп келе жатқан ұрпақтарға спорттың құдіреттілігін, салауатты өмір салтының маңыздылығын түсіндіретін жасампаз жоба.

Ж. СҰҢҒАТОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Оқушылардың күзгі демалысының соңғы күні, яғни қарашаның 11 күні Имантау орта мектебінде Республикалық «Мен – чемпионмын» балалар мен жасөспірімдердің спорттық ойынының аймақтық кезеңі өтті. Сайысқа Имантау, Әлжан және Лобаново орта мектептері қатысты. Шалқар орта мектебі жарысқа қатынаса алмады. Қазақстан Республикасының Әнұраны салтанатты орындалуынан кейін жарыс жалауы көтерілді. Қатысушы командаларды аудандық білім бөлімінің әдіскері Т.Н. Цихач құттықтап, сәттілік пен жеңіс тіледі. Өзара бірлігі жарасқан, тыңғылықты дайындалған, нағыз мықты команданың бұл жарыста сөзсіз жеңетіндігін және барлық команданың осындай болуларына тілектестігін жеткізді.

Т.М. Курочкинаның жетекшілігіндегі кіші би тобы өз орындауларындағы «Зарядка» және «Нежность» композицияларымен өнер көрсетіп, сайысқа қатысушыларға дем берді.

Жарыс бағдарламасында таяқшалы эстафета жүгіруі, допты таяқпен басқару, капитандар сайысы, қаппен жүгіру және түрлі эстафеталық сайыстар қамтылған.

Бірінші ойын Әлжан мен Лобаново мектептері арасында өтіп, 3:5 есебімен Лобаново орта мектебінің пайдасына шешілді. Екінші ойында тартысты ойын көрсеткен Имантау ОМ 6:4 есебімен Лобаново мектебінен басым түсті. Нәтижесінде 3 орынды Әлжан ОМ, 2 орынды



Лобаново ОМ, 1 орынды Имантау ОМ иеленді. Барлық қатысушылар дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Жеңімпаз команданың дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Б.Н. Бекжанов, Д.А. Шамрай, П.М. Миняйловтар дайындаған болатын.

Біз өз командамыздың «Мен – чемпионмын» ойынының аудандық кезеңінде де жеңіске жетуін тілейміз.

Б. БАЙЗАҚОВА,
Имантау ОМ -нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Байқау

Қазақ хандығының 550 жылдығына; Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына; Қазақстан Республикасының Конституциясының 20 жылдығына арналған «Айыртаудың алтын дауысы» атты аудандық ән байқауының ЕРЕЖЕСІ

- Мақсаты-міндеті
 - Қазақстан халқын Қазақстан Республикасының халық әндеріне насихаттау;
 - қазақтың мәдениетін насихаттау;
 - дарындарды таңдау.
- Жалпы шарттары мен талаптары
 - аудандық байқау 2015 жылдың 4 желтоқсан күні сағат 15.00-де Ақан сері атындағы аудандық Мәдениет үйінде өтеді;
 - байқауға 18 жастан 30 жасқа дейінгі орындаушылар қатыса алады;
 - бағдарлама колледждерің, клубтардың, кітапханалардың, медициналық мекемелердің, жауапкершілігі шектеулі серіктестік қызметкерлерінің, ұлттық мәдени және қоғамдық орталықтардың орындаушыларын қамтиды;
 - орындаушылардың репертуары патриоттық әуендегі, Қазақстан Республикасының халықтарының әндерін

- қамтиды.
- Бағалау өлшемі
 - тақырыпты таңдау, көркемдік және кәсіби деңгейде орындауы, өртістік, сахналық мәдениетін бағалау;
 - костюмнің музыкалық ресімдеуін бағалау;
 - қатысушылар әнді (-) фонограмма немесе түрлі аспаптардың сүйемелдеуімен орындай алады;
 - (+) фонограмма тыйым салынады.
 - Марапаттау
 - Байқау жеңімпаздарына төмендегідей жүлделер тағайындалады:
 - бас жүлде, I орын, II орын, II орын, қазылар алқасы сыйлығы және көрермендер көзайымы сыйлығы;
 - Диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталатын болады.
 - 4 желтоқсан күні сағат 10.00-де дайындық.
 - Анықтама телефоны: 21-872
 - Ақан сері атындағы аудандық Мәдениет үйі.**

Акция

Зорлық-зомбылықсыз 16 күн

Әйелдерге қатысты әртүрлі дискриминация түрлерін жою туралы конвенцияға сәйкес 25 қарашада «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясын өткізумен қатар Халықаралық әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық көрсетуді жою күні аталады.

Акцияны өткізудің негізгі мақсаты көпшілік халықты әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық жасауға қатысты ескерту, алдын алу жұмысымен таныстыру, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық жасауға бейім адамдармен жеке-профилактикалық жұмысты жүзеге асыруға

бағытталған жүйені қалыптастыру болып табылады. Солтүстік Қазақстан облысы аумағында мүдделі мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдастықтар мен бұқаралық ақпарат құралдарын тарту арқылы ағымдағы жылдың 25 қараша – 10 желтоқсаны аралығында «Бақытты отбасы – бақытты ел» ұранымен «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы өткізіледі.

Айыртау аудандық ІІБ сенім телефоны / тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайында / 21-806, 20-321.

Айыртау ауданының ІІБ ӘҚЗҚТ.

Ана бақыты

АЛТЫН ҚҰРСАҚТЫ АРДАҚТЫ АНА

Өмірдің иесі сен, Ғазиз Ана, Келтірген дүниеге нелер дана. Анасыз батыр да жоқ, ақын да жоқ, Өмірдің алтын кілті сонда ғана, - дегендей көктем табиғатымен жымдасқан жылылық, шексіз мейірімділік, дүниеге жаңа келген тіршілік иесіне нұрын шашып, келешекке ақ жол, адал ниет нұсқап өмір себуші асқақ құдірет иесі, адам сәулетшісі ол – Ана.

Менің анам Әлібекова Жібек Шәріпқызы 12 баланы дүниеге әкеліп, 30 немере және 9 шөбере сүйіп отырған ақ жаулықты әже қарашаның жиырма-сынын жұлдызында жетпіс жеті жасқа толып отыр. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған бақытты ана балапандарын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай ел қатарлы ер жеткізу үшін талмай-тынбай еңбек етті. Анам сауыншы да болды, әкеммен бірге мал да бақты, дүкенде сатушы да болып қызмет атқарды. Сонымен қатар, анам он саусағынан өнер тамған шебер адам. Ол кісінің қолынан шыққан құрақ, төр көрпе, тұскиздерді әлі күнге дейін әр үйден



көруге болады. Ал анамның қой терісін өзі иілеп, өзі жаратып тіккен тондарына ауыл тұрғындарынан сұраныс көп түсетін. Анам кейде түні бойы отырып ескі әкемнен қалған тігін машинасымен тігетін Көктем келісімен анам бақшаға көкөніс егіп, оны біз баптап суаратынбыз. Ел-жұрттан бұрын дастарқанымызда өз бақшамыздың қияр-қызанағы табылатын. Ал анамның бізбен бірге теріп әкелген жидектен пісірілген жидек құртының дәмі әлі күнге шейін аузымнан кетер емес. Ауыл адамдары анамның таза қайыңнан пісірген қара сағызын әдейі қолқа салып іздеп келетін. Асқазанынан ауыратын адамдарға ас қорыту үшін таптырмас ем. Жаз мезгілінде анаммен бірге қырқылған қой жүнін жуып, оны әр түрлі түске бояп текемет тоқудың қыр-сырын үйренетінбіз. Кешқұрым мал қораға енген соң, бос уақытымызда анам бізге арнап жаздырған балаларға арналған газет-журналдарынан ертегі, әңгімелерді оқып, кейіннен мақал-мәтелдерді жарысып айтатынбыз. Балалық шаққа бойлап өне берсең, бақытты шағым көз алдымнан кетпей, жүрегім қуанышқа толып, сол балалық шақта қалып қойғым келеді.

Ата-анамның берген тәрбиесінің, берген білімінің арқасында, бәріміз Абай Құнанбаев айтқандай: «Сен де бір кіпіш дүниенің, кетігін тап та бар, қалай!» - осы өмірден өз кетігімізді тауып Қазақстанымыздың өркендеп өсуі мен демографиялық та жағынан дамуына өз үлесімімізді қосып, бір-бір шаңырақтың түтінін түтетіп отырған отбасы иелеріміз. Біздің отбасымыздан құрлышыдан бастап инженер, мектеп директоры, мұғалім, сатушы, дәрігер, заңгер, теміржолшы, аспаз, биотехнолог, есепші, дизайнер, мейірбике, психолог сияқты әртүрлі мамандық иелерін табуға болады.

Адамзат қуат алар ақ сүтінңен, Мәпелеп, әлдилеген пейілің кең. Аналық махаббатың көусар бұлақ, Сөнбейтін ақ жүрегің мәңгі шырақ.

Адам «адам» болғысы келсе, алдымен Ананы қастерлей білуі керек. Өмірде Ана алақанының қызуы мен әке-шеше мейірімін тоя жеген тамақ та, шипасы күшті дәрі де алмастыра алмайды. Осыдан жарты ғасыр бұрын ғалымдар жүргізген бір қарапайым тәжірибе осыған дәлел болса керек. Ғалымдар адам Аналарынан айрылған маймыл балалар үшін екі қуыршақ маймыл Ана жасап, бірінің омырауынан сүт шығатын, денесі қатты да суық етіп, екіншісінің омырауынан сүт шықпайтын, бірақ денесін жылы да жұмсақ етіп, жасаған екен. Маймыл балалары сүті бар денесі қатты қуыршақты емес, сүті жоқ болса да, денесі жұмсақ қуыршақты Ана ретінде қабылдап, соның бауырына тығылған. Міне, сонда кімге болса да бәрінен бұрын керекті мейірім, Ана құшағы ғана. Мұхаммед пайғамбарымыздың хадистерінде де ең алдымен Ананы құрметтеу парыз екені айтылады. «Әуелі Анаға, тағы да Анаға, содан соң әкеңе жақсылық жаса» делінген онда. «Егер атаң мен Анаң бір мезгілде үн қатып қалса, әуелі Анаға жауап бер» деген ұлағатты сөз бар. Пайғамбарымыздың тағы бір хадисінде «Ананды Меккеге үш рет арқалап барсаң да, парызыңды өтей алмайсың»; «Ата-ананың ризалығы, Алланың ризалығы» делінген. Ана – үйдің берекесі, қыз баланың өнегесі, шаруаның несібесі. Ананың көзінен нұр төгіліп, жан-жағына шуағы шашылады. Осы шуақпен жылынып, асыл Ананың құшағында мейір алып жүрген біз – алтын Анамыз мәңгі қастерлеп, еңбегін бағалап өтейікші! Ананы аспандағы ай мен күнге, жарық жұлдызға, баға жетпес асыл заттарға теңеу дәстүрі де өз тілімізде берік қалыптасқан. Олай болса сөз – сөздің ең төресі: Ананды қалай сыйласаң, өз балаңның Анасын да солай сыйла, барлық әйел затына, тіпті жас нәресте қызыңа да құрмет көрсет, оларға қолдан келгенше қамқорлық жаса «Ана» – әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы ақ сүтін беріп аялаған жанын да аямаған ардақтысы.

Ана – жүрек, жүректі құдірет де, Ана – тірек, тіректі құрметте. Ана – шыңың, шыңыңа сағынып жет, Ана – күнің, күнің табынып өт, – деп жырлағым келеді. Кез келген адамның әдептілігі мен жан дүниенің сұлулығы, ең алдымен балаға ақ сүтін беріп, әлпештеп өсірген Ана жүрегінің жылуынан басталады. Бала бойындағы ең жақсы қасиеттер бізге алдымен Анадан тарайды. Ананың нәзік үні, жұмсақ аялы алақаны, жан жылуымен аялауы бізді әлдилеп жұбатады. Баласы үшін Анасы бармайтын құрбандық бар ма? Ана болу – бүкіл өмірің кететін ұлы рухани күш пен ерен еңбек. Өз баласын бағып қағуда, ол Ана өзін-өзі ұмытып барлық күш жігерін сарқа жұмсайды, бұдан оның жаны байи, нәрлене түседі. Ал баланың Анаға деген махаббаты жеткіліксіз. Оны барынша құрметтеп, сыйлау әрбір баланың парызы. Ылайым балалардың тәрбиесі адам қызығарлықтай болып өсе берсін дегім келеді. Сөз соңында анама тілерім:

Абырой амандығың арта берсін! Бақ-дәулет қызығымен қатар берсін. Ұрпағың жақсы көрген жиі келіп, Таусылмас дәм-тұзыңды тата берсін. Тыныштық елімізге бере берсін, Молшылық жерімізге өне берсін. Соғыстан ел жұртымыз аман болып, Қызығын бейбіт өмір көре берсін. Барлық сенің үлгіңді қайталадым, Өнегеліңді өсиет деп айта аламын. Өзің берген өрнекті ойларыңды, Жақсы іске басшы болып айтарамын. Қазыналы көнішсің байқағаным, Таңданумен басымды шайқағаным. Жақсы тілектер легі таусылмайды, Жазып, сірө, бітер ме екен жай қаламым – демекпін.

Ұлы Еркін, қызы Марал, балалары, немерелері.

Жаныңда жүр жақсылар

ҮЛКЕН ЖҮРЕК ИЕСІ

Адамзат өмірінің қорғаушысы, алдына келген науқастың тәнімен бірге жан саулығы үшін күресетін, қызығынан қиындығы көп дәрігерлікті таңдаған адам – алыптардың алыбы дерсіз. Осындай мамандықты таңдау да оңай емес шығар... «Ақ халатты абзал жандар» – деп оларды халық бекер атамаған. Кімнің болмасын өмірін алыңызшы, адамзат өмірінің арашасы болып келген ақ халатты дәрігерлермен тығыз байланысты. Денсаулықтың қадірін, әдетте, адам ауырғанда ғана білетіні өкінішті-ақ. Қай жеріңіз ауырса, жаныңыз сол жерде сияқты. Сондай сәттерде жақыныңызға емес, дәрігерге жүгіретінііз де рас. Не дегенмен де табиғаттың ең қымбат жемісі ол – дені сау адам ғой.

Дәрігер болуды арман ететіндер өте көп. Алайда, екінші бірі дәрігер бола алмайтыны анық. Ол үшін осы мамандыққа деген қызығушылық пен мамандыққа алу ғана жеткіліксіз. Ең маңыздысы – олардың адам өміріне жауапкершілігі, құлшынысы мен адалдығы, адамдығы. Нағыз дәрігер үлкен жүрек иесі болады. Қанша сын айтылса да, халық дәрігерлер қауымын ерекше құрмет тұтатыны ақиқат. Негізінде, әр адам өз ісінің маманы болу керек деп ойлаймын. Ал денсаулық сақтау саласында «Әй, мейлі...» – деп, жүрдім-бардым жұмыс істеуге тіпті болмайды. Себебі дәрігер – тәулігіне 24 сағат дәрігер болып қала беретін маман.

Бүгінгі әңгімеміздің арқауы – Саумалкөл қазақ орта мектебінің медбикесі Рахметова Бақтыгүл Құрмашқызы, міне, осындай үлкен жүректі жан, оқушылардың сүйікті қамқоршысы, ұжымның ең қадірлі де сыйлы азаматшасы. 1965 жылы Айыртау ауданының Всеволодовка ауылында Құрмаш ата мен Көпей апамыздың шаңырағында дүниеге келген Бақтыгүл Құрмашқызы мектеп бітіре салысымен Көкшетау қаласындағы медициналық училищеге түсіп, бұл оқу орнын ойдағыдай аяқтап, алғашқы еңбек жолын ауданымыздың орталық ауруханасының хирургия бөлімінен бастаған. 1986 жылы Шүкірлік ауылының перзенті, милиция қызметкері Мәмбетпен отау құрып, дүниеге Марал Самад, Аян есімді сәбилер келген. Бұл фәниден ерте озған жұбайының шаңырағын шайқалтпай, үш сәбиін аялап өсірген олардың Отаны мен халқының асыл да ардақты азаматтары болып қалыптасуына ерен еңбек сіңірген Бақтыгүл Құрмашқызының өмірі талай жастарға өнеге дер едім. Бала тәрбиесі мен дәрігерлік қызметті ұштастыра білген ол – аяулы Ана, бесаспап Маман, адал Дос, жанашыр Бауыр. Өзі өскен отбасы түрлі мамандық иелерінен тұрады: Құнанбай ағасы мен Бақытжан жеңгесі – ауданымыздың құрметті азаматтары, аудандық аурухананың медицина саласына еңбегі сіңген білікті дәрігерлері болса, Қалиасқар мен Уәлихан бауырлары Ішкі Істер органаңа қызметкерлері, Құрмаш ата мен Көпей апаның сүт көңжесі, қара шаңырақ иесі Шоқан – аудандық өрт сөндіру бөлімінде қызмет атқарса, оның жұбайы Гүлдана – Саумалкөл қазақ орта мектебінің биология пәні мұғалімі. Міне, татулығы мен ынтымағы жарасқан үлкен ұядан өнегелі тәрбие алып ұшқан Бақтыгүл өзінің бойындағы бар білімін, өнерін, адами мықты қасиеттерін өз перзенттеріне бере білген жан. Тұңғышы Марал – Құнанбай нағашысының жолын кұған стоматолог, ал әке қызметін жалғастырушы Самал-зақ қызметкері–тергеуші, кішкентай Аянымыз – Саумалкөл қазақ орта мектебінің 8-сынып оқушысы, оқу озаты, күміс көмей әнші, талай аудандық, облыстық ән және спорт сайыстарының жеңімпазы, «сегіз қырлы, бір сырлы» деп айтуға тұратын жас өрен.

«Жерлестеріңізге, мектебіміздің шәкірттеріне ақ халатты абзал жан ретінде не тілейсіз? Жақсы маман болуды қалай түсіндірер едіңіз?» – деген сауалдарға Бақтыгүл Құрмашқызы:

– Менің мамандығым дәрігер болғандықтан өзім қызмет көрсетіп жүрген мектебімнің оқушыларына, ұстаздар мен ата-аналарға, жалпы газет оқырмандары – айыртаулық жерлестеріме «Тазалық – саулық негізі, саулық – байлық негізі» деп айтқым келеді. Дені саудың қашанда жаны сау екенін есте ұстайық. Еліміздің болашағы денсаулығы мықты салауатты да саламатты ұрпақ қолында екені баршамызға аян. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев өзінің кезекті Жолдауында 2030 жылға дейін экономикалық-әлеуметтік биіктерге көтерілу үшін рухани дамуға денсаулықтың қажеттігін атап көрсетіп отыр. Себебі еліміздің экономикасын тек қана дені сау, саналы азаматтар жасайды. Ал жас ұрпақтың бойына тазалық пен сергектікті орнықтыру – дәрігер ретінде біздің ең басты міндетіміз.

Жақсы, білімді де білікті маман – әр маманның атқарып отырған қызметіне, жеке өзіне деген адалдығы. Меніңше, адал маманның бойы қашан да ізгілікке, мейірімділікке, ізденімпаздыққа толы болатын сияқты, –деп жауап берді.

Кәсіби шеберлік пен ізгілікке толы еңбек жолыңыз әрқашан жемісті болсын, мектебіміздің ақ халатты абзал жаны Бақтыгүл Құрмашқызы!

Зубайраш СЕЙІТҚАСЫМ,
Саумалкөл қазақ орта мектебі.

Редакцияға хат

ШАЙҚАЛМАСЫН ШАҢЫРАҚ

Мен өзім Тереңкөл ауылында туып-өстім, 2009 жылы бағым жанып, Комаровка ауылынан серігімді тауып, үйлендім. Дүниеге Жансая есімді қызым келді. 2010 жылы Лавровка ауылына көштік, онда да жаман болмадық. Дүниеге Әйгерім есімді қызым келді. Менен бұрын әйеліме жұмыс табылып, жұмысқа орналасты. Екеуімізге бірдей жұмыс жасауға мүмкіндік болмады. Біреуіміз балаларға бас-көз болуымыз керек болды. Қыздарымның үлкені алтыда, кішісі төртте. Бала бағатындай әке-шешем жас емес, бірде ауырып қалады, бірде баратын жерлері болады. Әйелім жұмысқа орналасқан соң 1 айдан кейін арамыздан қара мысық жүгіріп өткендей болды, шаңырағымыз шайқалды. Содан мен ішкілікке салына жаздап, өзімді-өзім қолыма алдым, бұл – шындық. Өзімді мақтап отырғам жоқ, менен де қателіктер кеткен болар.

Жанұяңнан және қос құлыныңнан тірідей айырылған өте қиын екен. Алла Тағала айырмаған, әкесі және бауырына басқан анасының есімін жазбаймың, мән-жайды білмей, қателіктің қай тараптан кеткенін түсінбей алып кеткені – қыздарымды маған қарсы қойғандай болды. Сегіз күннен соң әйелім мен қыздарымды үйге әкелу үшін барғанымда, қыздарым мені танымайтындай жүрді. Сәбилердің кінәсі жоқ деп ойлаймын, себебі баланы неге үйретсең соны істейді.

Жас келіндер мен қарындастарға екі жаман нарседен аулақ болыңыздаршы демекпін. Ол - өтірік пен өсек. Жүректеріңізге иман ұялатып, отбасының жақсысын асырып, жаманын жасырсаңыздар, сонда жақсы отбасы бола аласыздар. Барлық отбасында ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайтыны анық, бірақ үлкендер, ата-аналары отбасын сақтау үшін ақылдарын айта білсе деп ойлаймын, жетім балалардың санын көбейтпей! Ерігіп емес, жаным қиналғандықтан, күйініп жазып отырмын.

Құрметті ата-аналар! Енді ғана шаңырақ көтерген жас отбасыларға менің басымдағы жағдайды бөрмесін деп тілеймін. Елімізде ынтымағы жарасқан жанұялар көбейе берсін. Шаңырақтарыңызға береке-бірлік, қуаныш пен бақыт тілеймін.

Төменде мен өзімнің қыздарыма және әйеліме арнаған шағын өлең жолдарымды жолдаймын.

Білім беру

ЖАҚСЫНЫҢ ШАРАПАТЫ

«Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын» - дейді халық даналығы. Айнала-сына, жүрген ортасына шарапаты тиген үлкен жүректі жандарға қаратып айтылған болса әрине, ол жерлесіміз Қожахметов Асылбек Базарбайұлына арналса керек. Сауапты істердің басы-қасында жүрген ұлтжанды, абзал, жаны жайсаң, бар жақсыны балаға арнаған кеңпейіл, атымтай жомарт азаматтың арқасында Алматыға



білім жетілдіруге жол түсті.

Алматы менеджмент университет аясында құрылған жобаның XIV бағдарламасына үстіміздегі жылдың қараша айының 4-і мен 11-і аралығында ауданымыздың ауыл мектептерінің бастауыш сынып мұғалімдеріне қолдау көрсету мақсаттарында қазіргі заманға сай жақсы семинар өткізілді. Осы семинар барысында ауданымыздың бір топ мұғалімдері бастауыш мектепте осы заманғы көзқарастарды, әдістерді, технологияларды оқыту және ауылдық шағын мектептерде оқу үрдісін ұйымдастыруда, жаңа инновацияны қолдана отырып, жоғарыда аталған университетпен жоғары оқу орындарының шағын жинақталған мектептер арасындағы байланыстардың қаншалықты тығыз екеніне көзіміз жетті. Осы айтылған сөзімізге дәлел болатын семинарға қатысқан мұғалімдермен біраз күн жұмыс жасаған тренерлер, кафедра доценттері, профессорларды атап айтуды жөн көрдік. Кездесуді салтанатты түрде ашқан Білім беруді дамыту институтының жоба жетекшісі Жұлдыз Тоқанқызы жиналған ұстаздарды қарсы алып, құттықтап, университеттің осы уақыт аралығында атқарған игілікті істерін айта келіп, алдағы жұмыс барысымен таныстырып өтті.

Университет жанындағы «Alma U» мұражай қызметкері Мәдина Байбүрина жалпы университеттің өткен өмір жолы жайлы 1988 жылдан алғаш Алматы менеджмент мектебі болып ашылған кезден осы уақытқа дейінгі өсу сатыларын, яғни Халықаралық бизнес академиясына дейінгі жетістіктерін залдағы жиналған қауымға өте әсерлі тілмен баяндауы, музейдің заман талабына сай жабдықталғаны қызықтырды.

Мұғалімдердің барлығы «Педагогикалық шеберлік орталығы» филиалы мен Кембридж университеті бағдарламасынан тәлім алғандықтан деңгейлік бағдарламалар орталығының тренері И.В.Коломыцева «Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғырту, оқыту мен оқудың жаңа жолдары» атты тақырыпта алғашқы дәрісін оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдері, сын тұрғысынан ойлауды дамыту үшін стратегиялар мен әдістерді қолдана отырып жұмыс жасауға бағыт-бағдар берді. Осы әдіс-тәсілдерді сабақ барысында, яғни тәжірибеде қолдануға көп жұмыс жасадық.

Қазақ мемлекеттік қыздар педогогикалық университет ұжымымен де, атап айтсақ зертхана меңгерушісі Б.С.Қылышпаева «Қазақ мектептерінің даму мәселелері», аға ғылыми қызметкер Қ.Т.Медеубаева «ШЖБМ де ана тілі сабағын кіріктірілген тақырыптар арқылы оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру әдістері», профессор С.С.Қоңырбаева «Заманауи тәрбие құралдары», профессор Г.А.Мұратбаева «Білім берудегі менеджмент негіздері» атты тақырыптарды сабақ барысында берген дәрістерді көптеген әдіс-тәсілдерді меңгеруде жұмыс жасап, кіріктірілген тақырыптардың ұйымдастыруды сол арада қорғап, сабақтың құрылымының тиімді тәсілдерін өз бойымызда ой-елегінен өткізу керек екенін, заманауи тәрбие құралдарының он екі бағытын түсіндіре отырып, іс-тәжірибеде ассосация жасап, әр тақырыптың мән-мағынасын ашуға бағыт-бағдар беріп отырдық.

Қаладағы №48 мектеп лицейінде Бибігүл Казбекқызының математика сабағынан «БИС» технологиясын пайдаланып, оқушыларды бағалаудағы тиімді тәсілдің бірі екенін осы сабақ барысында дәлелдеп көрсетті. Осы сабақта ұстаздар қауымы технологияның тиімді екеніне көздері жетіп, өз сабақтарында қолдануға

қуана шешім қабылдады.

Келесі бағдарлама жалғасы бізді «Арыстан» мамандандырылған лицейіне апарды. Әскери адамдардың тік тұрып, қарсы алып, оқу ісі жөніндегі меңгеруші күнделікті мектеп өмірімен та-ныстырды. Бұл оқу орнында алыстан, ауыл мектептерінен дені сау, оқу үлгерімі жақсы, көп балалы отбасы, жағдайы төмен отбасының балаларын қабылдайтынын және де қазақ ауылында туып өскен балалардың сол оқу орнында

орысша білімдерін жетілдіруде. Сабаққа қатысу барысында осыларға куә болдық. Математика сабағында қысқа уақыт ішінде осы қазақша оқып келген оқушылар орысша еркін сөйлеп, өздерін жақсы жағынан көрсетті. «Ақпаратты технологиялар және жалпы білім беру» кафедрасының доценті Э.Қ Саудабекова: «Бастауыш сынып сабақтарында ақпараттық және коммуникациялық технологиялар» тақырыбында сол аудиторияда отырып осы тақырыпта желіге тіркелу арқылы біраз мағлұматтарды алдық. Сабақтан соң күнде демалыс орындарына, мәдени орталықтарға барып отырдық, М.Әуезов театрына «Қорқыттың көрі» атты спектакльді көріп, рухани бай әсер алып, дем алдық, мәдени іс-шаралар біз үшін пайдалы болды.

Деңгейлік бағдарламалар орталығының тренері, профессор А.Т. Арзиева «Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми – әдістемелік негіздері», «Мұғалім неліктен өзгерту керек?», мұғалімнің іс-тәжірибесіндегі жаңа әдіс-тәсілдерді сын тұрғысынан қолдану жолдары бейне фильмдер арқылы өрбіте дағдылану жолдарын меңгертіп, қызықтыра білді. Қазіргі заманауи сабақтарға қойылатын талаптарға да тоқталып кетті. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде де болып, кафедарның аға оқытушысы Ж.Қ. Астамбаева «ШЖБМ математиканы оқытудағы иновациялық тәсілдемелер», «ШЖБМ жағдайында математиканың мазмұндық- әдістемелік желілерін оқыту әдістемесі» деген қызықты да пайдалы жөне олардың әдіс-тәсілдерінен нені үйрету керек екенін жіп тізгендей баяндай отырып, тақтада көрнекті түрде түсіндіре білді. Осы оқу онындағы аталған ұстаздардың ауыл мұғалімдеріне берген дәрістеріне осы топ атынан шексіз алғысымызды білдіреміз.

Семинар аяқталуына байланысты Алматы Менеджмент Университетінің Президенті Асылбек Қожахметов семинар қатысушыларын құттықтап, марапаттау рәсіміне қатысты. Міне, осындай азаматтың атқарған игі істері, бүгінгі таңдағы халық қалаулысы ретінде белсенділігі, өнегелі өмір жолы, азаматтық ұстанымы жастарға, әріптестеріне тамаша үлгі. «Алаған қолым береген» демекші халықтың қалаулысы әрдайым ауылдардағы шағын жинақты мектептерде істейтін ұстаздарға әрқашан көмек қолын созып, қолдау көрсетіп отыратынын көпшілікке игі тілектерін арнап, жүректарды лебізін білдірді. Әр ұстаз осы жолы жайында алған әсерлерін университет басшысына үлкен алғыстарын айтып, ой бөлісті. Атымтай жомарт атанып, туған өлкенің дамуына сүбелі үлесін қосып жүрген азаматтарымыздың қатары көбейе берсін. Адал азаматтардың игі істері өзгелерге үлгі боларына күмәніміз жоқ. Жоба жетекшісі Жұлдыз Тоқанқызы өзі осы жобаны алдағы уақытта ауыл мектептерін жандандыруға үлестерін қосса деп ауыл мұғалімдерін бірлесіп , жұмыс жасауға ұсыныс білдірді. Жақсы әсерлі көңіл күйде келген ұстаздар қауымы ЖОО-дағы ұстаздарға өмірдегі бар жақсылықты тілеп, алдағы уақытта шығармашылық табыстарға жетіп, бұл ізгілікті іс-шара алдағы уақытта да жалғасын табады деген сенімдеміз.

Сәуле ЖАҚЫПОВА,
Саумалкөл қазақ ОМ-нің
бастауыш сыныбының мұғалімі.
Баршын СЕЙІТОВА,
Бірлестік ОМ-нің
бастауыш сыныбының мұғалімі.

Қыздарыма тілегім

Жансая мен Әйгерім –
құлындарым,
Білгейсіңдер, сендерге
жырым барын.
Сендер үшін тілекші әкелерің,
Уақыты кеп, ұварсың,
бұның бәрін.
Көл-көсір шалқыған
кеңілдердей,
Екеуің егіз лақтай көрінгендей.
Тіпесімді Төңірім қабыл алып,
Екеуіңе бақытты

өмір бергей.
Күнәсіз періште, шырақтарым,
Дәл қазір өздеріңнен
жырақтамын.
Алладан сұрайтыным
сендер үшін,
Бақыт болсын өмірдегі
тұрақтарың.

Айсұлу Ақылбайқызына

Айсұлу, саған айтарым,
Екі қызды байқааын.
Өзіңе ұқсап жүрмесін,

Өзгелер өнліп күлмесін.
Қыздарыма жасырмай,
Әкең бар деп айтарсың.
Тірі жетім қылдырмай,
Кездестіріп тұрарсың.
Күнә кімнен екенің,
Білмейді ғой қыздарым.
Алла қалап, өскен соң,
Өзім бірақ, айтармын.
Жанса мен Әйгерім
Жылаамасын ешқашан.
Осы саған өтініш,
Әлі талай жыр жазам.
Жомарт НАУРЫЗБАЙҰЛЫ,
Лавровка ауылы.

ЖОБА

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының шалғай елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың сұлбасы мен тәртібін бекіту туралы

«Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қосымшаға сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының шалғай елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың сұлбасы бекітілсін.
2. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының шалғай елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың қоса берілген тәртібі бекітілсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің орынбасары М. Т. Науановаға жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А.ТАСТЕМИРОВ, аудан әкімі.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы « » № қаулысымен бекітілді

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының шалғай елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының шалғай елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы Тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) «Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 3 шілдеде № 11550 тіркелген «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы инвестиция және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығына сәйкес әзірленген және келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

